

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық банк пен зейнетақы портфелін басқарушылар БЖЗК жанындағы Қоғамдық кеңес алдында есеп берді

"БЖЗК" АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) жанындағы Қоғамдық кеңестің (ҚК) 29 отырысы өтті. Іс-шараның күн тәртібіне сәйкес, ҚР Ұлттық банкінің Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Нұрғазин зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы есеп берді.

Ұсынылған деректер бойынша 2025 жылғы 1 қаңтарға Ұлттық Банктің басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері 22,4 трлн теңгеге жеткен. 2024 жылы 4,6 трлн теңгеге немесе 25,9% ұлғайды. БЖЗК зейнетақы активтерінің валюталық үлесі бір жыл ішінде 31,7%-дан 40,2%-ға дейін артты. Зейнетақы активтерінің 2024 жылғы кірістілігі 17,8% көрсетті, есептелген инвестициялық кіріс мөлшері - 3,4 трлн теңге. Ал 2014 жылғы сәуірден 2024 жылға дейінгі кезеңдегі жинақталған кірістілігі 180,2%, осы кездегі жинақталған инфляция мөлшері - 156,0%. 2025 жылғы қаңтар-ақпан айларындағы инвестициялық кірістің төмендеуі уақытша сипатқа ие, ол зейнетақы активтерінің нарықтық және валюталық құнының өзгеруімен байланысты екені атап өтілді. Н. Нұрғазин кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуларына қарамастан, 2024 жылғы наурыздан бастап 2025 жылғы ақпанға дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 2,7 трлн теңге болғанын, бұл кезең ішіндегі инфляция мөлшері 9,4% болса, кірістілік 13,74% жеткенін атап өтті. Н. Нұрғазин өз сөзінде валюталық активтерді инвестициялау активтерді сыныптар бойынша нысаналы стратегиялық бөлуге сәйкес жүзеге асырылатынын және шетелдік басқарушы компанияларды тартуды көздейтінін атап өтті. Сондай-ақ, БЖЗК зейнетақы активтерін 2025 жылы да Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған негізгі бағыттар шеңберінде нарықтық шарттарда инвестициялау жалғастырылатыны атап өтілді. Бұған қоса, валюта портфелінің қолданыстағы стратегиялық аллокациясын акциялар мен баламалы құралдар сияқты активтердің неғұрлым кірісті сыныптарын 40% - ға дейін ұлғайту жолымен қайта қарау жоспарлануда. Әлемде зейнетақы және егеменді қорлар кеңінен қолданатын үлесі 10%-ға дейінгі баламалы құралдарға (хедж-қорлар, жеке капитал қорлары, жылжымайтын мүлік қорлары және басқалар) инвестициялауды қосу мәселесі қаралатын болады.

Бұдан әрі Қоғамдық кеңес алдында инвестициялық портфельді басқарушылар - "BCC Invest" АҚ, "Nalyk Finance" АҚ, "Jusan Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ өкілдері сөз сөйледі. Олар қатысушыларды өз компанияларының инвестициялық стратегиясымен, оның нәтижелерімен таныстырып, туындаған сұрақтарға жауап берді.

Барлық басқарушылар инвестициялық қызметтің нәтижелері нарық конъюнктурасына: қаржы құралдарының құны мен валюталық қайта бағалануына байланысты екенін атап өтті. Сондай-ақ, олар инфляциядан жоғары кірістілікті ұзақмерзімді келешекте қамтамасыз етуді көздейтіндеріне сендірді.

Отырысқа қатысушыларға басқарушы компаниялардың таныстырылымдары көрсетілгеннен кейін Қоғамдық кеңестің қарауына ұйымның жаңа мүшелері Арман Жақұб пен Дана Жарлығапованың кандидатурасы ұсынылды. Жиналғандардың көпшілік дауысымен екі кандидатура да келісілді.

Отырыс күн тәртібінің келесі тармағы Қоғамдық кеңес мүшелерінің ҚК туралы ереженің жаңа редакциясын бекітуі болды. Ол жеке мүшелердің ескертулерімен көпшілік дауыспен қабылданды.

"БЖЗҚ" АҚ Қоғамдық кеңесінің отырысында ұсынылған материалдармен enpf.kz сайтындағы "Қоғамдық кеңес" - "Отырыстардың хаттамалары мен [таныстырылымдар](#)" бөлімінде толығырақ танысуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (www.enpf.kz сайтында).